

## Тренинг: «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі»

Тренингтің мақсаты:

«Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау.

Тренинг-барысы:

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** Сыбайлас-жемқорлық деген не?

1. Пара беру дегеніміз не?
2. Пара мен сыйлықтың айырмашылығы қандай?
3. Сыбайлас жемқорлық дегенімізді қалай түсінесіңдер?
4. Сыбайлас жемқорлық жайлы мәліметтерді қайдан білесіңдер?  
(педагогтердің пікірлері тыңдалады)

**II. Түсініктеме беру:**

Қазақстан Республикасының № 267 «Сыбайлас жемқорлыққа күрес туралы» Заңы 1998 жылы 2 шілдеде қабылданды.

Бұл Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған.

Бұл заңның ерекшелігі сол, билік басындағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келеңсіз әрекеттеріне тосқауыл қою болып отыр. Лауазым иесінің қызметтік міндетіне жатпайтын әрекеттер, мысалы, жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның, үшінші бір адамның пайдасына бағытталған іс-әрекеттер қылмыстық белгі құрамауы мүмкін. Сондай жағдайда келеңсіз қылығы әшкере болған лауазым иесі аталған заңнегізінде жауап береді. Мемлекеттің мүддесіне, халықтың мемлекетке, заңдарымызға деген сеніміне нұқсан келтіретін лауазым иесінің теріс әрекеті жазасыз қалмау керек.

### III. Ситуациялық жағдайлар беріледі

**Мақсаты:** Әр қатысушы бір-бірлерінің жауаптарын тыңдап, өз ойларын айтады.

#### 1 - тапсырма:

Компьютер ойнауға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біраз ақылдасады. Ерланның есіне асханада ақша майдалатқан Қайрат түседі. Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте келе жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында арам ойы жоқ Қайратты Ерлан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, соңынан бұл істің қалжың емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Аман - есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

#### Сұрақтар:

1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?
2. Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?
3. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?

#### 2-тапсырма:

Нұрлан 5 - сыныпта оқиды. Нұрланның білім алуға деген талабы жақсы. Оқыса жақсы оқитын оқушылар қатарынан орын аларлық қабілеті бар. Бірақ ата - анасының тәрбиесі баланы жолдан тайдырады. Нұрланның ата - анасы бала тәрбиесіне жауапсыз қарайды. Баланы сабақтан себепсіз жиі қалдырады, кейде тіпті апталап келмей қалатын кездері де болады. Мектепте, сыныпта ата - аналарға байланысты өтетін жиындарға да келмейді. Сынып жетекшісі осы жағдайға байланысты Нұрланның үйіне барып, ата - анасымен бірнеше рет әңгіме жүргізгенімен еш нәтиже шықпайды. Ата - анасы құрғақ уәде беріп құр шығарып салады. Бірер күн өткен соң жаңағы оқиға қайта қайталансады. Білім алу баланың басты міндеті екенін біле тұра оны орындауда әке - шешесі салғырттық танытады.

#### Сұрақтар:

1. Нұрланның ата - анасының қылығын қалай бағалайсыздар?
2. Сынып жетекшісінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?
3. Ата - ананың бала алдындағы міндеттері қандай?

#### IV. Сұрақ-жауап:

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
2. Емделіп болған наукас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты ( гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?

#### V. Қорытынды: Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады ?

- Пара бермеу және алмау.



## «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»

### Мақсаты:

Ұжым қызметкерлері арасында «Сыбайлас-жемқорлықты» болдырмау, алдын алу; Мемлекетіміздің саясатына жауапкершілікпен қарау. Өткізудің

### Формасы: дөңгелек үстел

Сәлеметсіздерме құрметті ұстаздар мен ұжым мүшелері. Бүгінгі біздің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты дөңгелек үстелімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек. Н.Ә.Назарбаев.

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢДАР:

37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды.

Оларға «Мемлекет қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдары жатады.

- ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану
- Коммерциялық сатып алу
- Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану
- Билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану
- Пара алу
- Қылмыстық жалғандық жасау

2001 жылы Мексикада БҰҰ – ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған Дүниежүзілік конференция ашылды.

БҰҰ 2003 ж 9 желтоқсан күнін халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қашан қабылданды?

2.07.1998 жыл

“Сыбайлас-жемқорлық” деген не? (“Сыбайлас - жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді.)

ҚҰҚЫК деген не? (мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.)

Заң деген не? (мемлекеттің ең жоғарғы бағдарушы органының шығарған, қабылдаған ең жоғарғы күші бар нормативтік кесім. Барлық заңдар және заңға тәуелді нормативтік кесімдердің Конституцияға сәйкес болуын Заңның үстемдігі дейді.)

*Пара беру дегеніміз не? (қандай да бір коммерциялық келісімге келу үшін немесе жеке пайдасы үшін жасалған ынталандыру немесе марапаттау)*

*Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзделген?*

(Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі)

*Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн қашан жарияланды?*

(2003 ж 9 желтоқсан)

*“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” заң қашан қабылданды?*

(18.11.2015 жыл)

*БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы қашан қабылданды?*

(31.10.2003ж.)

Сыбайлас-жемқорлық деген не? “Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде. “соптуріо” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “соптуріге” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сыйдыру, бүлдіру, бүту, заңсызды, жазғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “... мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайдылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен атымын жайдылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”. 2001 жылы Мексикада БҰҰ - ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына қол қоюға арналған. Дүниежүзілік конференция ашылды

БҰҰ. 2003 ж 9 желтоқсан күнін халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал-мәтелдер .

1. Адамгершілік болмай,

Әділдік болмас.

2. Адамның ұяты бетінде.

Адамгершілігі иретінде.

3. Адамгершілікке арналған үш сауан бар:

Шөлге құдық қазған бір сауан.

Өзенге көпір салған бір сауан.

Жолға ағаш еккен бір сауан.

4. Адалдық — ардың ісі.

5. Шындық жоқ жерде сұмдық көп.
6. Адамның әдемілігі ныншылдығында.
7. Акихат сөзде алалық жоқ.
8. Әділ айтқан жеңер.
9. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
10. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады,  
Саудан әділ болмаса нарық бұзылады.

Мемлекеттік құрылымдардың қандай әрекеттері жемқорлыққа жатады?

- Басқа мемлекеттік органдар, мекемелердің жұмысына заңсыз жолмен араласу;
- Қызметтік лауазымды пайдалана отырып, жеке басының не туыстарының материалдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу;
- Мемлекеттік қызметке заңда белгіленбеген басымдықтарға ие болып оту және өсу;
- Шешімді дайындау мен қабылдау барысында біреуге заңсыз жолмен басымдық беру;
- Кәсіпкерлік қызметті не басқа табыс әкелетін саланы жүзеге асыруда заңда белгіленбеген кез келген әрекетпен көмек көрсету;
- Заңда жариялауға рұқсат етілген деп бекітілген ақпаратты беруден бас тарту, оны кешіктіру, жалған не толық емес ақпарат беру, заңда жариялауға тиістігі бекітілмеген ақпаратты жеке және заңды тұлғалардан талап ету;
- Жоғары тұрған ресми тұлғаларға қызметтік емес ілтипат көрсету не сый жасау тәрізін және қонақжайлылық бойынша жалпы қабылданған нормаларға сәйкес символикалық ықылас көрсету, символикалық қадесыйлар тарту, сонымен қатар, ресми және хаттамалық шараларды өткізуді қоспағанда);
- Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңдық мүдделерін қанағаттандыруға тосқауыл болу; Мемлекеттік немесе осыған теңестірілген қызметі үшін жеке тұлғалар мен мекемелерден ақшалай, қызметтік және басқа формада сый ал

Қоғам дамуының жана жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдермен айнағуды міндет етіп қойдық. Ол жол-Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Бірақ, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі

ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысындар. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Сол өмірді әр жылын жарық күнде, бейбіт өмірде өткізу бәріміздің міндетіміз!

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты дөңгелек үстел аясында

### САУАЛНАМА

- 1) Сыбайлас жемқорлықтың туындау себебі? Сіздің пікіріңіз?
  - а) Адамның сана-сезіміне байланысты;
  - в) Табыс көзінің аздығына байланысты;
  - б) Қызметпен байланысты;
  - г) Сіздің өз ойыңыз \_\_\_\_\_:
- 2) Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың жолы.
  - а) Заңды күшейту;
  - в) Қызметкерлердің айыптан көтеру;
  - б) Қызмет орнын ауыстырып тұру;
  - г) Сіздің өз ойыңыз \_\_\_\_\_:
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына өзгерістер енгізу қажет пе?
  - а) Иә, жауаптылықты күшейту қажет;
  - б) Жоқ. Заңда бәрі қарастырылған;
  - в) Сіздің өз ойыңыз \_\_\_\_\_:
- 4) Заң бұзушылық көбіне болатын қызмет?
  - а) Қаржы қызметі;
  - в) Басшылық қызметте;
  - б) Мемлекеттік қызметтер көрсету;
  - г) Сіздің өз ойыңыз \_\_\_\_\_:
- 5) Сыбайлас жемқорлық бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңіліңіз толама?
  - а) Иә;
  - б) Жоқ;
  - в) Білмеймін;
  - г) Сіздің өз ойыңыз \_\_\_\_\_:
- 6) ҰСЫНЫС:

---

Сауалнамаға аты-жөніңізді көрсету немесе көрсетпеу сіздің еркіңіз, сауалнама анонимді болып табылады.